

## 2000 жылдың компьютерлік проблемасына байланысты төтенше жағдайдағы іс-қимылды жоспарлау мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 қазан N 1524

2000 жылдың компьютерлік проблемасының әсер етуінің нәтижесіндегі ықтимал жүйелік істен шығуларға қарсы даярлықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) мен ұйымдар бір ай мерзімде қосымшаға сәйкес 2000 жылдың компьютерлік проблемасына байланысты төтенше жағдайдағы іс-қимылдың жоспарын әзірлесін, бекітсін және Үкіметке ұсынсын.

2. Қосымшада көрсетілген орталық атқарушы органдардың, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) мен ұйымдардың бірінші басшыларына төтенше жағдайлар пайда болған жағдайдағы іс-қимылды ұйымдастыруға даярлық үшін дербес жауаптылық жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы  
5 қазандағы  
N 1524 қаулысына  
қосымша

2000 жылдың компьютерлік проблемасына байланысты төтенше жағдайдағы іс-қимылдың жоспарын әзірлейтін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамы.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі:

"Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

"КазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" жабық акционерлік қоғамы

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы

"KEGOC" ашық акционерлік қоғамы

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша)

8. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі

9. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

10. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (келісім бойынша)

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша):

"Банкаралық есептесулердің қазақстандық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Банкаралық және қаржы телекоммуникациялары орталығы" жабық акционерлік қоғамы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК